



• **Денсаулық**

## Кене неге қауіпті

Кене көктемгі-жазғы кезеңде өте қауіпті, таңертең және кешке кенелердің белсенділігі жоғары болады. Кенелерді тек қана орманда емес, сондай-ақ, қалалық бақтарда, саяжайларда кездестіруге болады.

Кенелер тарататын аурулардың қоздырғыштарын (кене энцефалиті, иксодтық кене боррелиозы, кене риккетсиозы, туляремия және т.б.) тасымалдаушы- кенелер болып табылады.

Адам үшін кененің шағуы қауіпті емес, кененің сілекеймен немесе кенені қолмен жаншығанда адамның қанына түсетін ауру қоздырғыштары өте қауіпті.

Естеріңізде болсын, дер кезінде емделмегенде кенелер тарататын жұқпалы аурулар кемтарлыққа немесе өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

- Кенелер үлкен қашықтыққа бара алмайды, бұталарға, ағаштардың бұтағына және биік шөптерге төменнен жоғарыға қарай 1м. биіктікке дейін өрмелеп шығады да күтіп отырады, қасынан өтіп бара жатқанда адамның денесіне немесе киіміне жабысып, қан соруға қолайлы орын іздейді.

- Әдетте кенелер терінің жұқа жерлерін таңдайды: шаптың маңы, қолтықтың асты, шаштың арасы мен құлақтың тұсы.

### Кенелерден өзінді қалай қорғау керек?

- орманға бармас бұрын түсі ашық киім, жеңі ұзын көйлек, шалбар, жабық аяқ киім кию керек, шалбардың балағын шұлыққа, көйлектің етегін шалбарға салып, басқа орамал байлап немесе қалпақ киген дұрыс.

- кенеге қарсы крем, лосьон, аэрозоль түрінде болатын арнаулы репелленттерді (кенені жолатпайтын заттарды) киімнің сыртына, сондай-ақ дененің ашық жерлеріне жағу керек, оларды дәріханалардан және сауда орындарынан сатып алуға болады;

- әр сағат сайын өзіңізді және қасыңыздағы адамдарды кенеге қараңыз. Кене бірден қан сормайды, ол ұзақ уақыт

қолайлы жер іздейді;

- үйге келген соң дененіңізді, барлық киімдеріңізді мұқият қарап шығыңыз;

- үйдің ішіне жаңадан жұлынған өсімдіктерді және гүлдерді кенеге тексермей кіргізуге болмайды;

- үй жануарларын (ит, мысық) кенеге мұқият қарап, қадалған кенелерді алып тастаңыздар;

- кенелерді қолмен жаншуға болмайды.

### Кене шақса не істеу керек?

Естеріңізде болсын - қадалған кенені дереу алып тастау керек, әрбір минутыңыз қымбат!

- Кене шаққаннан соң 4 күннен кешіктірмей жергілікті медициналық мекемеге көмекке жүгіну қажет.

- Егер медициналық мекемеге баруға мүмкіндік болмаса, онда қадалған кенені пинцетпен немесе жіптен жасалған ілмекті оның тұмсығына жақынырақ байлап, ақырындап бұрап, кенені жұлып алу қажет.

- Егер кенені алғанда тұмсығы жұлынып қалса, кененің қадалған жерін ісіртпен сүртіп, содан кейін ғана әдетте тікен алғандай алдын ала зарарсыздандырылған инемен алып тастаған дұрыс.

- Кене шаққан жерді йод ерітіндісімен немесе ісіртпен зарарсыздандырып, қолды сабындап жуып тастау керек.

- Денеден алынған кенені «ҰСО» РМК ШҚО филиалының аса-қауіпті жұқпалар зертханасына тапсырып, кенелер тарататын аурулар қоздырғышын анықтауыңызға болады. Кенені жұмыс күндері сағат 9.00 –ден 17.00-ге дейін мына мекен-жайға: Тәуелсіздік даңғылы-17, 5 қабат (қабылдау бөлмесі) тапсыруға болады. жұмыс тел.76-56-41

Көктем-жаз мезгілінде демалыстарыңыз дұрыс өтсін десеңіз, кенеден қорғанудың қарапайым ережелерін сақтаңыз!

Шығыс Қазақстан облысының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті

## Кенеден сақ болыңыз

Катонқарағай, Алтай, Зайсан, Шемонаиха, Ұлан, Глубокое аудандары мен Риддер және Өскемен қалаларының аумақтары кене энцефалитінің табиғи ошақтары.

**Кене энцефалиті** – табиғи-ошақтық, вирустық ауру, орталық жүйке жүйесін зақымдайды. Медициналық көмекке кеш жүгінген жағдайда, наукас адамдар сал ауруына шалдығады, асқынған жағдайда өліп те кетуі мүмкін.

Бұл ауруды иксодес кенелері таратады. Адамдар арасында кене энцефалитінің жағдайлары көбінесе сәуір-мамыр-маусым айларында жиі тіркеледі, бұл кенелердің санының көбеюі мен белсенділігінің артуына байланысты.

Кенелер адамдарды көбінесе табиғатқа демалуға, мал жаюға, орманды жерлерде, саяжайларда жұмыс істегенде жиі шағады. Бірақта, кене энцефалитін орманға бармай-ақ, жұқтырып алуға болады, сондықтан кенені үйге әкелмеу

үшін, табиғат аясынан келгенде үй жануарларын, гүл шоқтарын және т.б. заттарды мұқият тексеру керек.

Кенелер кене энцефалитінен басқа да: кене бөртпе сүзегі, кене боррелиозы, туляремия сияқты жұқпалы аурулардың таратушысы болып табылады.

Кенелерден сақтану үшін қарапайым ережелерді орындау қажет:

- Кененің денеге жабысуына жол бермеу керек, ол үшін:  
1. Табиғат аясына барғанда арнаулы киім кию: жеңі ұзын ер адамның көйлегін киіп, жағасын, жеңін түймелеп, етегін шалбарға салып, шалбардың балағын шұлыққа немесе аяқ киімнің ішіне салып, басқа орамал байлау керек.

2. Дененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды (репелленттерді) (Рефтамид, ДЭТА, «Кедр», «Тайга», «Антиклещ - пикник» және т.б.) жағу керек. Оларды, дәріханалар мен шаруашылық дүкендерден сатып алуға болады.

3. Әрбір сағат сайын киімдерді, желке мен құлақтың тұсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап, жабысқан кене болса алып, отқа жағып жіберген жөн.

4. Табиғат аясына демалуға немесе жұмысқа барғанда, қалың шөбі, бұтасы аз, күннің көзі көп түсетін ашық жерлерге жайғасу керек.

Кене шаққаннан соң, 4 күннен кешікпей жергілікті емдеу алдын алу мекемелеріне медициналық көмекке жүгіну қажет.

Естеріңізде болсын!

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздегендеріңіз әлдеқайда тиімді!  
Өз денсаулықтарыңыз өз қолдарыңызда!

• **Тұрағындар назарына**

## Қоғамдық тыңдау

2024 жылғы 10 мамырдан бастап «Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Тайынты (Тайынты) өзеніндегі су қоймасында көл-тауарлық балық өсіру шаруашылығын ұйымдастыруға арналған балық өсіру биологиялық негіздеме» жобасы бойынша 10 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz> / ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде.

Жобаның тапсырыс берушісі - Мұхамедчинов Талғат Маратұлы. ЖСН 810103303073, мекен-жайы: ШҚО, Ұлан ауданы, Асубұлақ кенті, № 037 есептік квартал, № 381 учаске, телефон 8 777 301 19 81, электрондық пошта: [dostyk\\_camp@mail.ru](mailto:dostyk_camp@mail.ru).

Жергілікті атқарушы орган - «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел 8-7232-25-72-06, [priemnaya\\_uprirpvko@akimvko.gov.kz](mailto:priemnaya_uprirpvko@akimvko.gov.kz) <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru>, <https://ecportal.kz/a.sergibaeva@akimvko.gov.k>

• **Внимание жителей**

## Общественные слушания

Проводятся общественные слушания в форме публичных обсуждений с 10 мая 2024 года в течении 10 рабочих дней про проекту «Рыбоводно-биологическое обоснование на организацию озерно-товарного рыбоводного хозяйства на водохранилище на реке Таинты (Таинтинское) Уланского района Восточно-Казахстанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Опубликованные общественные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений.

Заказчик проекта – Мухамедчинов Талғат Маратович. ИИН 810103303073, адрес: ВКО, Уланский район, п.Асубулак, учетный квартал №037, участок №381, телефон 8 777 301 19 81, электронная почта: [dostyk\\_camp@mail.ru](mailto:dostyk_camp@mail.ru).

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО», тел 8-7232-25-72-06, [priemnaya\\_uprirpvko@akimvko.gov.kz](mailto:priemnaya_uprirpvko@akimvko.gov.kz) <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru>, <https://ecportal.kz/a.sergibaeva@akimvko.gov.k>

## Объявление

4 мая 2024 г с 9-00 до 15-00 часов в больнице с. ТАВРИЧЕСКОЕ врачами с областного центра будет проводиться:

- УЗИ сердца
- УЗИ жкт, почек и других органов
- УЗИ малого таза
- УЗИ беременных.

Запись по телефону:

8-705-716-82-20

Гос.лицензия 002466DF

